

«Ғылыми жұмыстарда медициналық терминдерді мемлекеттік тілде
біріздендіруді арттыру жолдары» атты республикалық терминологиялық
конференциясының хаттамалық шешімі
№ 13

Семей қаласы

2025 жылғы 25 сәуір

Қатысқандар: Ж.Б.Ахметов, А.Ә.Алдангорова, Берікұлы Думан, А.Ш.Тілесова, Е.Қ.Сәлім, Б.Ш. Шакенов, М.Ж.Ерғазина, Т.Қ.Зайсанбаев, А.Б.Мыржықбаева, Д.Д.Жүністай, Ф.М.Сулейменова, С.С.Ибраева, Г.Е.Бегларова, Д.Р.Жарикова, Н.З.Алтаева, Ж.Т.Баубеков, М.М.Сабитбекова, А.Аманжолқызы, Ш.Ш.Утарғалиева, Е.Н.Дарменов, М.Ә.Маретбаева, С.О.Рахыжанова, М.Н.Иманбаев, Абай, Шығыс Қазақстан облыстарының ДСБ мамандары және медициналық ұйымдарының мамандары

Ұйымдастырушылар: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жанындағы Денсаулық сақтау саласында медициналық терминология комиссиясы, «Семей медицина университеті» КеАҚ.

Конференцияны өткізу негіздемесі: ҚР ДСМ 2025 жылғы 28 наурыздағы № 200 бұйрығының «2023-2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары» 2-қосымшасының 2-тармағын орындау.

Конференцияның мақсаты мен міндеті:

- медицина саласында бекітілген терминдердің бірыңғай сөздігін әзірлеу;
- медициналық ғылыми жұмыстарда қолданылып жүрген қысқартылған сөздерге талдау жүргізу;
- денсаулық сақтау саласындағы НҚА жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінің бірыңғай сөздігін қалыптастыру;
- медициналық терминдердің жаңа сөздігін әзірлеу.

Модераторлар: Ахметов Жауғашты Байназарұлы - ҚР ДСМ терминологиялық комиссия төрағасының орынбасары, Рахыжанова Сәуле Орынғазықызы - медицина ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) «Семей медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ҚР еңбек сіңірген ғылым қайраткері Т.А. Назарова атындағы физиологиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі.

Конференцияның күн тәртібі: «Ғылыми жұмыстарда жиі қолданылатын анатомиялық атауларды біріздендіру мәселелері» - Б. Шакенұлы, ҚазҰМУ; «Медицинадағы қазақ тілі: қазіргі жағдайы мен іс жүзінде қолдану деңгейі» - Ж. Баубеков, М. Сабитбекова, М. Оспанов атындағы БҚМУ; «Кәсіби қазақ тілі – «Терминологиялық тіл» қалыптастырудың негізгі механизмі» - М. Маретбаева, ҚМУ, «Медицина бағыты бойынша диссертациялық жұмыстардағы қысқартылған сөздерге

талдау жүргізу» - А. Аманжолқызы, М. Оспанов атындағы БҚМУ, «Медицина терминологиясын мемлекеттік тілде бірізділендірудің жаңа мүмкіндіктері: жасанды интеллект интеграциясы» - А. Ермекбаев «СМУ» КеАҚ, «Медициналық оқу құралдарында терминологияның біріздендірілуі: шеберлік сағатының рөлі» - Д. Жарикова, АстМУ; «Салалық терминдерді біріздендіру мәселесі» - Е. Сәлім, ОҚМА баяндамалары.

Конференция шешімі:

1. Конференцияға қатысқан Медициналық терминологиялық комиссия мүшелерінің және медициналық ЖОО-лардың профессорлық-оқытушы құрамының баяндамалары назарға алынсын.
2. Медициналық терминологиялық комиссия медицина саласында бекітілген терминдердің бірыңғай сөздігін әзірлеп, Жұмыс органының терминологиялық алаңына және ДСМ терминологиялық бөлімінде басшылыққа алу және жұмыста қолдану үшін орналастырсын және жасанды интеллектті қосуды қарастырсын, барлық медициналық ЖОО-ларда шығарылатын оқулықтарға осы бірыңғай сөздіктің кеңінен қолданылуын қамтамасыз етсін. Мерзімі: 2025 жылғы 1 қыркүйек. Жауаптылар: Терминтоп мүшелері – Е. Сәлім, М. Ерғазина, Т. Зайсанбаев, Д. Жүністай.
3. Медициналық терминологиялық комиссия медициналық ғылыми жұмыстарда қолданылып жүрген қысқартылған сөздердің бірыңғай тізбесін әзірлесін және оны Жұмыс органының терминологиялық алаңына және ДСМ терминологиялық бөлімінде басшылыққа алу және жұмыста қолдану үшін орналастырсын Мерзімі: 2025 жылғы 1 қазан. Жауаптылар: Терминтоп мүшелері – Д. Жарикова, А. Аманжолқызы, Ж. Баубеков, М. Сабитбекова.
4. Медициналық терминологиялық комиссия Денсаулық сақтау саласындағы НҚА жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінің бірыңғай сөздігін қалыптастырсын және оны тіл саясаты саласындағы уәкілетті органмен (Тіл саясаты комитетімен) және Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығымен пысықтап, терминологиялық алаңға орналастырсын. Мерзімі: 2025 жылғы 10 қараша. Жауаптылар: Терминтоп мүшелері – А. Мыржықбаева, Д. Жүністай, Ш. Утарғалиева, М. Маретбаева.
5. Медициналық терминологиялық комиссия халықаралық стандартқа негізделген қазақша-ағылшынша-орысша 20 мыңға жуық терминді қамтитын медициналық терминдердің жаңа сөздігін әзірлесін және сөздікте салалық жасанды интеллект және KAZ-LLM моделінің негізінде медициналық сұрақтарға жауап беруге дағдыланған KAZHealthGPT қарастырсын және оны тіл саясаты саласындағы уәкілетті органмен (Тіл саясаты комитетімен) келіссін. Мерзімі: 2026 жылғы қараша. Жауаптылар: Жұмыс органы (техникалық қызметкер жинақтау, қалыптастыру, алаңға орналастыру) - ҚазҰМУ (Б.Ш.Шакенов, Т.Қ. Зайсанбаев), АстМУ (Ф. Сулейменова, С. Ибраева, Г. Бегларова, А. Жантурсева, Н. Алтаева), ҚМУ (Е.

Дарменов), ОҚМА (Б. Сағындықова, Е. Сәлім), М. Оспанов атындағы БҚМУ (Ж. Баубеков, Ш. Утарғалиева), СМУ (С. Рахыжанова, М. Иманбаев).

6. Терминологиялық комиссияның 2024 жылғы 8 қарашадағы № 12 хаттамалық шешімінің 4-тармағының орындалуын іске асырсын. Жауапты: С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті. Мерзімі: 2025 жыл. Аяқтау нысаны: Министрлікке орындалуы бойынша ақпарат.


7. Терминологиялық комиссияның 2024 жылғы 8 қарашадағы № 12 хаттамалық шешімінің 6-тармағының орындалуын іске асырсын. Жауаптылар: ЖОО-лардың басшылығы. Мерзімі: 2025 жыл. Аяқтау нысаны: Министрлікке орындалуы бойынша ақпарат.

8. Терминологиялық комиссияның 2024 жылғы 8 қарашадағы № 12 хаттамалық шешімінің 8-тармағының орындалуын іске асырсын. Жауаптылар: облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының денсаулық сақтау басқармалары, Медициналық терминологиялық комиссияның өңірлік үйлестірушісі. Мерзімі: жылына 2 рет.

9. Осы хаттамалық шешімнің орындалуын бақылау Медициналық терминологиялық комиссияға, медициналық жоғары оқу орындарының, облыстардың, Алматы, Астана, Шымкент қалаларының ДСБ басшыларына жүктелсін.

10. Осы хаттамалық шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

ҚР ДСМ аппарат басшысы



Б. Төкежанов

Хатшы



А. Алдангорова


**«Ғылыми жұмыстарда медициналық терминдерді мемлекеттік тілде
біріздендіруді арттыру жолдары» республикалық терминологиялық
конференция**

Денсаулық сақтау саласында медициналық

терминология комиссиясының мүшелері


Келісу парағы


25 сәуір 2025 жыл


Р/с №	Тегі, аты-жөні, әкесінің аты	Лауазымы	Қолы
1.	Төкежанов Болат Тұрғанұлы	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің аппарат басшысы, комиссия төрағасы	
2.	Ахметов Жауғашты Байназарұлы	«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының патологиялық анатомия кафедрасының профессоры, комиссия төрағасының орынбасары	
3.	Алдангорова Айжан Әнуарбекқызы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік департаменті мемлекеттік тілді дамыту басқармасының басшысы, комиссия хатшысы	
4.	Тілесова Айгүл Шарапатқызы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық- эпидемиологиялық бақылау комитетінің әкімшілік қамтамасыз ету басқармасының бас сарапшысы	

5.	Сәлім Ербол Қалтұрсынұлы	«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамының Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер бойынша проректор	
6.	Шакенов Бауыржан Шакенұлы	«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының қалыпты анатомия кафедрасының доценті	
7.	Ерғазина Марал Жүнісбекқызы	медицина ғылымдарының кандидаты, доцент, «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының гистология кафедрасының меңгерушісі	
8.	Зайсанбаев Төлеубек Қызтаұлы	филология ғылымдарының кандидаты, «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының тілдер пәні кафедрасының доценті	
9.	Мыржықбаева Анар Бейсенқызы	Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы, сарапшы, кәсіби қазақ тілі мен ісқағаз жүргізу курстарының оқытушысы	
10.	Жүністай Диас Дүкенбайұлы	«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Биофизика курсымен	

		қалыпты физиология кафедрасының профессор ассистенті	
11.	Сулейменова Мәшімқызы	Фатима медицина ғылымдарының кандидаты, «Астана медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының А.Б. Аубакиров атындағы адам анатомиясы кафедрасының профессоры	
12.	Ибраева Сайфуллақызы	Салима медицина ғылымдарының кандидаты, «Астана медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының қалыпты физиология кафедрасының профессоры	
13.	Бегларова Еркінқызы	Гульшахар медицина ғылымдарының кандидаты, «Астана медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының В.Г. Корпачев атындағы патологиялық физиология кафедрасының профессоры	
14.	Жарикова Дидар Рымжанқызы	Жарикова педагогика ғылымдарының кандидаты, «Астана медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының филологиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі	
15.	Жантурсеева Әмірбекқызы	Ақмарал медицина ғылымдарының кандидаты, «Астана медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жалпы фармакология кафедрасының доценті	

16.	Алтаева Закирияқызы	Нұрсұлу	медицина ғылымдарының кандидаты, «Астана медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының медициналық генетика және молекулалық биология кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор	
17.	Баубеков Жеңісбек Тәңірбергенұлы		«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының балалар хирургиясы кафедрасының доценті	
18.	Сабитбекова Мұратқызы	Майраш	қазақ тілі және әдебиет магистрі, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының қазақ тілі курсының аға оқытушысы	
19.	Аманжолқызы Айнұр		PhD, қауымдастырылған профессор, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының қалыпты физиология кафедрасының профессоры	
20.	Утарғалиева Шаденқызы	Шұға	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес	

		акционерлік қоғамының тілдер кафедрасының аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі	
21.	Сағындықова Баян Ахметқызы	фармацевтика ғылымдарының докторы, профессор, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамының дәрілер технологиясы кафедрасының меңгерушісі	
22.	Дарменов Ерғали Нұрмахамбетұлы	«Қарағанды медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ассоциацияланған профессоры, зерттеуші	
23.	Маретбаева Марина Әбілжанқызы	филология ғылымдарының кандидаты, «Қарағанды медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Тілдерді дамыту орталығының басшысы	
24.	Рахыжанова Сәуле Орынғазықызы	медицина ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) «Семей медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ҚР еңбек сіңірген ғылым қайраткері Т.А. Назарова атындағы физиологиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі	

25.	Иманбаев Нұриденұлы	Мерей	«Семей медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Б.С. Буланов атындағы жүрек- қан тамыры және торакалды хирургия кафедрасы меңгерушісінің міндетін атқарушы	
-----	------------------------	-------	--	---